

**Инвестициялық
және қаржы
құқығы**

**Инвестиционное и
финансовое
право**

**Investment
and finance
law**

УДК 34:368

Б.У. Сман

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, заң факультеті,
кеден, қаржы және экологиялық құқық кафедрасы,
заң ғылымдарының кандидаты, доцент, Қазақстан, Алматы қ.

Міндетті әлеуметтік сақтандыру қызметіне жалпы сипаттама

Ғылыми жұмыстың мақсатына сәйкес сақтандыру құқықтық қатынастарының түсінігі және де сақтандыру құқықтық қатынастарының пайда болуы, өзгеру мәселелері қарастырылған. Сондай-ақ оған қатысушылардың құқықтық жағдайлары талданған.

Түйін сөздер: сақтандыру қызметі, міндетті сақтандыру, сақтандыру қатынастары, сақтандыру ұйымдары.

B.U. Sman

General characteristics of the mandatory social insurance

In the state the general characteristic of compulsory social insurance. And also consider recent developments and shortcomings of social insurance. Social insurance – a system of social security, whose mission – to ensure the constitutional rights of economically active citizens to maintenance in old age, in case of illness. Compulsory social security – part of the state system of social protection. The task today is to build a social security system that could quickly and raise living standards.

Keywords: insurance, compulsory insurance, insurance relations, insurance companies.

Б.У. Сман

Общая характеристика обязательного социального страхования

В статье дается общая характеристика обязательного социального страхования. А так же рассматриваются последние изменения и недостатки социального страхования. Социальное страхование – это система социальной защиты, задача которой обеспечивать реализацию конституционного права экономически активных граждан на материальное обеспечение в старости, в случае болезни. Обязательное социальное страхование – часть государственной системы социальной защиты населения. Сегодня стоит задача построить такую систему социальной защиты, которая могла бы быстро и качественно поднять уровень жизни население.

Ключевые слова: страховая деятельность, обязательное страхование, страховые правоотношения, страховые организации.

меттік сақтандыру жүйесін дамытудың маңызды стратегиялық мәселе екенін атап өткен болатын: «Әлеуметтік саланы – білім беруді, денсаулық сақтауды, жұмыспен қамтуды және әлеуметтік қорғауды – стратегиялық дамытудың барлық кырлары бүгінде әзірленіп жатқан Әлеуметтік дамудың жалпыұлттық тұжырымдамасында көрініс табуы тиіс. Президент әкімшілігіне әлеуметтік даму мәселелері жөніндегі менің тапсырмаларымның орындалуына бақылау жасауды күшейтуді тапсырамын», – деген болатын мемлекет басшысы. Сонымен қатар «Қазақстан–2030 барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Ана мен баланың денсаулығын қорғау біздің мемлекетіміздің, денсаулық сақтау органдарының, жұртшылықтың тікелей назарында болуға тиіс. Уақыт өтіп, қазына кірісі өскенде мемлекет үшін де, отбасын қолдауға тиімді демографиялық саясат үшін де қолайлы нысанда аналар мен балаларға мемлекеттік қолдау көрсетуге қаражат табамыз. Біз бұрынғы уақыттан бері және қиындықтарға қарамастан бүгін де осындай көмекті көрсетіп келеміз. Мен балалы болғысы келмейтіндерге салық енгізу туралы ұсынысты көпшілік талқысына саламын. Одан түскен қаржыны көп балалы отбасыларды қолдауға жұмсар едік. Бізге жергілікті деңгейде де отбасын, әйелдің жүкті кезін және балаларды тәрбиелеуді қолдаудың жаңа жолдарын табу керек. Неке мен отбасы институтын нығайтудың жолдарын мұқият талдау, жалғызбасты аналар проблемасын шешу керек. Егер біз адамгершілігі жоғары қоғам болғымыз келсе, жұбайлардың бір-бірінің алдындағы, ал ең бастысы балаларының алдындағы жауапкершілігін күшейтуге тиіспіз. Ата-аналар балаларына, ал балалар өздерінің қартайған ата-аналарына қамқор болғанда, әйел отбасы мен қоғамда құрметке ие болғанда, еліміз үшін алаңдамауға да болады. Бұл ұсыныстар Қазақстан халқына қашан да тән болған, оларды жандандырып, жан-жақты қорғау қажет. Жұртшылық мұнда дұрыс шешімді көрсетіп, ол отбасы туралы заңда бейнеленуге тиіс.

...Салауатты тұрмыс құрып, сол арқылы балаларына үлгі көрсетіп отырған ата-аналарды айрықша атап көрсету қажет. Мен компаниялар мен жұмыс берушілерге осы тұрғыдан көтермелеудің тиісті нысандарын іздестіруді ұсынар едім», – деп ана мен бала мәселесіне

тоқталып кеткен болатын. Осыған сәйкес, нарықтық экономика жағдайында әлеуметтік қамсыздандыру мен әлеуметтік көмектерден басқа халықты әлеуметтік қорғаудың басым түрінің бірі, әлеуметтік сақтандыру болып табылады.

Міндетті әлеуметтік сақтандыру халықты әлеуметтік қорғау жүйесінде жұмыс істейтін «Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасы Заңының шеңберімен қамтылатын жеке тұлғалардың еңбек ету қабілетінен және жұмысынан, сондай-ақ асыраушысынан айырылуына байланысты өзіне тиесілі табысты толығымен ала алмауына орай, олар алуға тиісті кірістің белгілі бір бөлігін айқындалған тұлғаларға өтеу мақсатында мемлекет тарапынан ұйымдастырылатын, бақыланып және кепілдік берілетін шаралар мен іс қимылдар жиынтығын білдіреді.

Қазақстанның тәуелсіздік алуымен нарықтық қоғамдық қатынастарға тең болатын халықты әлеуметтік қорғаудың өзіндік жүйесі қалыптасуда. Өз өмірінің жағдайын қалыптастыруға деген әрбір адамның жауапкершілік деңгейінің артуы еліміздегі нарықтық экономиканың ерекшелігі болып табылады. Қоғамдағы әрбір адамның өзінің өміріне қауіп төндіретін және ол ондай жағдайды жалғыз өзі түзете алмайтын жағдайлар да болатынын атап өткен жөн. Осыған байланысты әлеуметтік сақтандыру нарықтық экономика жағдайында жұмыс істейтін халықты әлеуметтік қатерден әлеуметтік қорғау нысандарын айқындайды.

Әдетте әлеуметтік қатерлердің мынадай белгілері болады:

Біріншіден, экономикалық қатер. Оған:

– экономикалық дағдарыс, қайта құрылу өндірісті оңтайландыру, экономикалық қайта құрылу нәтижесінде жұмыс күшін ұсыну мен сұраныстың сәйкес келмеуі себебінен еңбек ету қабілетінен айырылу қаупі;

– жұмыс берушілердің қолайлы еңбек жағдайын жасап қауіпсіздік техникасын қамтамасыз етуге қаражат жұмсауға ынтасыздығының салдарынан кәсіптік ауру, өндірістік жарақат алуға байланысты еңбек ету қабілетінен айырылу. Мұндай жағдайларда қатердің себебі қызметкердің өзіне байланысты болмайды.

Екіншіден, кейбір қатерлер уақытша еңбек ету қабілетінен айырылу және зейнеттік жасқа

жетуіне байланысты жағдайлардың туындауына да тікелей байланысты.

Материалдық қамтамасыз етілмеу қатерін кәсіптік ауру, өндірістік жарақат алу мүмкіндігінің туындауы деп те қарастыруға болады. Мұндай қатерлер жалпы сипат алады. Бірақ оның ерекшелігі бұл қатердің сақтандырылған барлық халыққа бір мезгілде туындамайтындығы. Сонымен қатар әлеуметтік-экономикалық жағдайлармен тығыз байланысты барлық халыққа бір мезгілде туындайтын қатерлер де бар, мысалы: инфляция, дефолт және т.б. Мұндай қатерлер әлеуметтік сақтандырылуға жатпайды.

Халықты әлеуметтік қорғауда сақтандырудың қажетті және маңызды жүйесін құру сақтандырылғандарды материалдық қамтамасыз ету мақсатында сақтандыру төлемдерінің нақты қызметін анықтау болып табылады. Өз кезегінде бұл олардың көлемін, нысанын және сақтандыру төлемдерін төлеудің тәртібін белгілеудің әдістемелік негізін құрайды.

Халықаралық еңбек ұйымы – әлеуметтік қорғау ұғымын халықтың экономикалық белсенді бола алмау және өзін жоғары жалақылы еңбекпен айналыса алмауы жағдайында (кәрілік, денсаулық, асыраушысынан немесе жұмысынан айырылуы) оларға өмір сүруге қажетті жағдай жасап азаматтардың тұрмыс жағдайының деңгейін көтеру деп түсіндіреді.

Осыған сәйкес, Қазақстандағы реформа жылдары әлеуметтік қорғаудың үш деңгейлі жүйесі құрылды.

Бірінші деңгей – Қазақстан Республикасының Конституциясымен кепілдендірілген әлеуметтік төлемдер, яғни қоғамның дамуына азаматтың қосқан жеке үлесін есепке алмай бірдей деңгейде барлық азаматтарға беретін төлемдер (базалық зейнетақы төлемі, мемлекеттік жәрдемақы, бала тууына/бала күтіміне берілетін бір реттік төлемдер);

Екінші деңгей – міндетті зейнетақы жарналары есебінен төленетін зейнетақы төлемдері мен "Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры" АҚ төленетін әлеуметтік төлемдер, яғни азаматтардың қоғамның дамуына қосқан жеке үлестерін ескере отырып қосымша әлеуметтік қамсыздандыру.

Үшінші деңгей – ерікті сақтандыру есебінен әлеуметтік төлемдер.

Бүгінгі күні әлеуметтік сақтандыру жүйесі Қазақстандағы әлеуметтік-экономикалық қатынастардың маңызды және қажетті элементтерінің бірі болып отырғанын атап өткен жөн. Республикадағы міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінің негізін айқындайтын заңнамалық база жасалған. Сақтандырудың басқа түрлерінен (мүлікті, көлікті және т.б. сақтандыру) оның принципті айырмашылығы, ол еңбек қызметіне араласа алмауы себепті материалдық қамтамасыз етілмеуден азаматтарды қорғауды қамтамасыз етеді. Сондықтан әлеуметтік сақтандырумен ең бірінші өмір сүрудің негізгі көзі еңбек ақысы немесе табысы болып табылатын өз еңбегі арқасында өмір сүріп жүрген жалдамалы жұмысшылар қамтылған. Осылайша, міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесі деп мемлекет белгілейтін және кепілдік беретін міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушылар арасындағы қатынастарды реттейтін нормалар мен ережелер жиынтығын айтамыз.

Міндетті әлеуметтік сақтандырудың негізгі принциптері:

- міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтаудың және орындаудың жалпылығы;

- әлеуметтік төлемдермен қамтамасыз ету үшін қолданылатын мемлекет кепілдік берген шаралар;

- әлеуметтік сақтандыру жүйесіне міндетті қатысу;

- әлеуметтік қатер туған жағдайда әлеуметтік төлемдер төлеу үшін әлеуметтік аударымдарды пайдалану;

- міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушыларға әлеуметтік қатер туған жағдайда әлеуметтік төлем төлеу міндеттілігі;

- міндетті әлеуметтік сақтандыруды қамтамасыз етуші мемлекеттік органдар қызметінің жариялылығы.

Міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіндегі қызметкерлерге, Қазақстан Республикасының аумағында тұратын және Қазақстан Республикасының аумағында өздеріне табыс келтіретін қызметті жүзеге асыратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды қоса алғанда өзін-өзі жұмысын қамтыған адамдарға қатысты әлеуметтік төлемдер олар еңбек ету қабілетінен, асыраушысынан айырылған, сондай-ақ жұмысынан айырылған жағдайда міндетті түрде Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры

арқылы жүргізіледі. Демек, мемлекет нақтылы азаматтарға (адамдарға, жеке тұлғаларға) қатысты әлеуметтік қатерлі жағдай туындаған кезде олардың Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделген «Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасы Заңында белгіленген шарттылықтар негізінде міндетті әлеуметтік сақтандыру түрлері бойынша әлеуметтік төлемдерді алу құқығына кепілдік береді.

Осы Заңның 4-бабында міндетті әлеуметтік сақтандыру түрлері ретінде:

- 1) еңбек ету қабілетінен айырылу жағдайы;
- 2) асыраушысынан айырылу жағдайы;
- 3) жұмысынан айырылу жағдайы көрсетілген.

Оның 8-бабына сәйкес: «Жұмыс істейтін зейнеткерлерді қоспағанда, қызметкерлер, Қазақстан Республикасының аумағында табыс келтіретін қызметті жүзеге асыратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды қоса алғанда, өзін-өзі жұмысын қамтыған адамдар міндетті әлеуметтік сақтандырылуға тиіс».

Осы «Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңы халықты әлеуметтік қорғау жүйесінің тиісінше жұмыс істеуіне айтарлықтай септігін тигізетін, тиісті азаматтарды, олардың отбасы мүшелерін және тұрғылықты халықтың өзге де санаттарын әлеуметтік қатерлі жағдайлардан сақтандыру қорғауымен қамсыздандыруға аса қажетті Мемлекеттік сақтандыру қорын құрудың құқықтық негізін қалыптастыратын, сондай-ақ осы ауқымдағы әлеуметтік аударымдарға, әлеуметтік төлемдерге және тиісті субъектілердің мүліктік мүдделеріне байланысты туындайтын материалдық сипатты қоғамдық қатынастарды мұқият реттейтін нормативтік-құқықтық акті болып табылады.

Бүгінде Қазақстан Республикасындағы міндетті әлеуметтік сақтандыруды құқықтық реттеу Қазақстан Республикасы Конституциясының, «Сақтандыру қызметі туралы», «Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасы заңдарының және өзге де нормативтік-құқықтық актілерінің принциптері мен ережелеріне негізделеді. Бұл орайда ескеретін маңызды жайт, егер Қазақстан Республикасы бекітілген халықаралық шартта «Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасы Заңынан өзгеше белгіленсе, онда осы халықаралық шарт қолданылады.

Міндетті әлеуметтік сақтандыру еңбек ету қабілетінен айырылу, асыраушысынан айырылу және жұмысынан айырылу сияқты әлеуметтік қатерлі жағдайлар ауқымын қамтиды. Әлеуметтік қатерлі мол жайларды міндетті әлеуметтік сақтандырумен қамту нәтижесінде еңбек ету қабілетінен және жұмысынан айырылуына әкеп соқтырған оқиғаның басталуы салдарынан өзі үшін әлеуметтік аударымдар, міндетті әлеуметтік аударымдар жүргізілген, міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушы, не қайтыс болған жағдайда оның асырауында болған отбасының мүшелері заңға сәйкес тиісті көлемдегі әлеуметтік төлемдерді алу құқығына ие болады.

Сонымен, «Міндетті әлеуметтік сақтандыруды құқықтық реттеу» Қазақстан Республикасындағы азаматтарды әлеуметтік қорғаудың мемлекет жүзеге асырағым нысаны – міндетті әлеуметтік сақтандыру қорының жұмыс істеуіне байланысты төлеушінің тиісті әлеуметтік аударымдар жүргізуі, сондай-ақ еңбек ету қабілетінен, асыраушысынан және жұмысынан айырылған жағдайда нақтылы тұлғаға уәкілетті орган мен Орталықтың әлеуметтік төлемдер тағайындауы әрі оны жүзеге асыруы кезінде туындайтын қоғамдық қатынастарды реттейтін құқықтық нормалардың жиынтығынан қалыптасатын сақтандыру құқығының Ерекше бөлімінің институтын білдіреді.

Қазақстан Республикасының, «Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы» 2003 жылғы 25 сәуірдегі Заңының 1-бабының 9) тармағына сәйкес міндетті әлеуметтік сақтандыру дегеніміз – еңбек ету қабілетіне айырылуына және жұмысынан айырылуына, сондай-ақ асыраушысынан айырылуына, жүктілігіне, босануына, жаңа туған баланы асырап алуына, бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне орай табысынан айырылуына байланысты кірістің бір бөлігін өтеу үшін мемлекет ұйымдастыратын, бақылайтын және кепілдік беретін шаралар жиынтығы. Міндетті әлеуметтік сақтандыру келесі түрлерге бөлінеді:

- еңбек ету қабілетінен айырылған жағдай;
- асыраушысынан айырылған жағдай;
- жұмысынан айырылған жағдай;
- жүктілігіне және босануына байланысты табысынан айырылған жағдай;
- жаңа туған баланы асырап алуына байланысты табысынан айырылған жағдай;

– бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты табысынан айырылған жағдай.

Міндетті әлеуметтік сақтандыру қоры осы міндетті әлеуметтік сақтандыру түрлеріне әлеуметтік төлемдерді тағайындайды. Әлеуметтік төлемдер бұл алушының пайдасына қор жүзеге асыратын ай сайынғы төлемдер болып табылады. Әлеуметтік төлемдерді тағайындау тәртібі төменде көрсетілген тәртіппен жүргізіледі:

Әлеуметтік төлемдерді тағайындауға өтініш беру өтініш берушінің тұрғылықты жері бойынша орталықтың құрылымдық бөлімшелеріне әлеуметтік төлемдерді тағайындау жөніндегі уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша өтініш беру арқылы жүзеге асырылады. Өтініш тізбесіне осы заңмен белгіленетін құжаттар қоса тіркеледі.

Орталықтың құрылымдық бөлімшелері төлемдер тағайындау жөнінде қажетті құжаттарды қабылдап алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде оларды әлеуметтік төлемдер тағайындау жөніндегі уәкілетті органға береді.

Әлеуметтік төлемдерді тағайындау жөніндегі уәкілетті орган құжаттар келіп түскен күннен бастап он жұмыс күні ішінде оларды қарайды және әлеуметтік төлемдер тағайындау немесе тағайындаудан бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Әлеуметтік төлемдерді тағайындау жөніндегі уәкілетті органның табыс етілген құжаттардың дұрыстығына тексеру жүргізуге құқығы бар. Осы мақсаттарда ол табыс етілген құжаттарды сараптамаға жіберіп, оларды беруге негіз болған құжаттардың бар-жоғын тексере алады. Бұл ретте әлеуметтік төлемдер тағайындау туралы шешім қабылдаудың кешіктірілуі және шешім қабылдаудың ұзартылуы мерзімдері, бірақ бір айдан аспайтын мерзімге ұзартылуы туралы өтініш берушіге жазбаша түрде хабардар етілуі тиіс.

Кейінгі өтініштер берілген кезде әлеуметтік төлемдерді тағайындау жөніндегі уәкілетті орган өтініш қайталап берілген кезден бастап бес жұмыс күні ішінде төлем тағайындау немесе одан бас тарту туралы шешім қабылдайды және төлем тағайындаудан бас тарту себептері мен шағымдану тәртібін көрсете отырып, ол туралы орталықтың құрылымдық бөлімшелері арқылы өтініш берушіге жазбаша түрде хабарлайды.

Әлеуметтік төлемдерді тағайындау жөніндегі уәкілетті органның шешіміне сот тәртібімен шағым жасалуы мүмкін.

Қазақстандағы міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесі жүйеге қатысушыларды, яғни республикадағы жұмыспен қамтылған халықты әлеуметтік қорғаудың қосымша түрі болып табылады. 2005 жылдан бастап міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушыларға әлеуметтік қатер туған жағдайда әлеуметтік төлем төлеу жарғылық капиталына мемлекеттің жүз пайыз қатысуымен құрылған "Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры" акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қор немесе МӘСҚ) қаржы ресурстары есебінен жүргізілуде. Бұл ретте МӘСҚ қаржылық ресурстары "Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңымен белгіленген ставкалар бойынша төлеушілер төлейтін, қорға аударылған әлеуметтік аударымдарды шоғырландыру және әлеуметтік салықты қайта бөлу жолымен қалыптастырылады. Орган тиісті шешім шығарғаннан кейін бұл туралы өтініш берушіге жазбаша түрде хабарлайды. Жәрдемақы тағайындаудан бас тартқан жағдайда уәкілетті орган бас тартудың себебін жазбаша дәлелдеуге және өтініш берушіге құжаттарды қайтаруға міндетті.

Уәкілетті орган тиісті органдардан өтініш берушінің балаларға арналған жәрдемақы тағайындалу құқығын растайтын мәліметтер сұратуға құқылы.

Өтініш берушінің уәкілетті органның әрекетіне және шешіміне жоғары тұрған уәкілетті органдарға, сондай-ақ сот тәртібімен шағым жасауға құқығы бар.

Толық мемлекет қарауындағы балаларға жәрдемақы тағайындалмайды.

Төлемді тағайындайтын немесе төлеуді жүзеге асыратын органның кінәсінен уақтылы алынбаған жәрдемақылар сомалары өткен уақыт үшін мерзіміне шек қойылмай төленеді.

Әлеуметтік қамсыздандыру және әлеуметтік сақтандыру категорияларының іс-әрекетінің объективті қажеттігі ұлғаймалы ұдайы өндіріс процесінің, атап айтқанда, оның құрамдастарының бірінің жұмыс күшінің ұдайы толықтырылуының талаптарынан туындайды. Ұдайы өндірістің бұл түрі үшін қаражаттардың негізгі көзімен – еңбекақы, басқа жекеше табыстардың қорымен қатар әлеуметтік

қамсыздандыру және әлеуметтік сақтандыру қорлары жұмыс істейді.

Әлеуметтік арналым қорларын қалыптастырудың екі қағидаты бар:

1) ұрпақтар ынтымақтастығының негізінде; жұмыс істейтін ұрпақ жұмыс істемейтіндерді қамтамасыз етеді, ал өз кезегінде, еңбекке жарамдылықтан айырылуына қарай оларды еңбек қызметіне кірген жаңа ұрпақ ауыстырады. Бұл қағидатқа негізделген жүйе Қазақстанда 1998 жылға дейін қолданылды;

2) әлеуметтік қорларға, көбінесе әлеуметтік қорға азаматтардың дербес аударымдарының негізінде; бұл қағидаттың іс-әрекеті кезінде төлемақылардың мөлшері нақты тұлғаның бүкіл жұмыс істеген кезіндегі салған сомасына байланысты болады. Бұл қағидаттың іс-әрекетіне негізделген жүйе Қазақстандағы зейнетақы реформасының негізіне қойылған.

Бірінші қағидатқа негізделген және Қазақстанда 1998 жылға дейін қолданылған жүйе мынадай ерекшеліктермен сипатталады:

1) зейнетақымен қамсыздандыруға мемлекеттік монополия;

2) әлеуметтік қамсыздандыру қорларына түсетін міндетті зейнетақы жарналарының топтастырылуы;

3) жүйе ішінде қаражаттарды қайта бөлу.

Мұндай жүйе жоспарлы директивалық экономика, еңбекке қабілетті халықтың жұмыспен толық қамтылуы, мемлекет тарапынан жан-жақты бақылау, зейнеткерлерге жұмыс істейтін халықтың жоғары арақатынасы жағдайында тиімді болды. Өмір сүрген жүйе азаматтардың түрлі кәсіптік және әлеуметтік санаттарына арналған жеңілдіктердің көптеген түрлерінің болуымен сипатталады.

90-жылдардың басы мен ортасындағы экономиканың дағдарысы әлеуметтік сақтандыру жүйесінің де дағдарысына қозғау салды, бұл жарналарды төлеудің базалық көрсеткіштерінің құлдырауынан да, сондай-ақ әлеуметтік қорларға оларды толық және уақытылы аударып отыруға төлеушілердің мүдделілігінің болмауынан да әлеуметтік сақтандыруға төленетін жарналардың жиналымдығының төмен деңгейінде көрінетін еді; бұл зейнеткер мен жәрдемақылар алатындар алдында берешектігі үлкен көлеміне жеткізді; әлеуметтік қорлар қаражаттарының инфляциялық құнсыздануы зейнеткерлердің күнкөріс минимумындағы

қажеттіліктерін қамтамасыз етпеді және қорлар қаражаттарының аса шектеулілігі жағдайында әлеуметтік төлемақыларды өнбойы индексациялап отыру қажеттігін тудырды.

Қазақстанда жүргізіліп жатқан зейнетақы реформасының негізіне қойылған екінші қағидаттың іс-әрекетіне негізделген жүйе былай сипатталады:

1) зейнетақымен қамтамасыз етуді мемлекеттік реттеу;

2) зейнетақы қорын қалыптастыруға қатысқан 30 жастан төмен емес азаматтар үшін ең аз белгіленген күнкөріс минимумын сақтау жөніндегі мемлекеттік кепілдіктері;

3) зейнетақы жинақ ақшасын және әлеуметтік қамсыздандырудың басқа нысандарын межелеу;

4) зейнетақы қорланымдарын қалыптастыруға еңбек етуге қабілетті жастағы барлық азаматтардың міндетті қатысуы;

5) еңбек етуге қабілетті азаматтардың қартайғанда өзін зейнетақымен қамсыздандыру үшін жеке жауапкершілігі;

6) инвестициялаудың тиімділігін және зейнетақы жинақ ақшасының қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

7) жинақтаушы зейнетақы қорларындағы қорланымдарға азаматтардың мұралану құқығын белгілеу;

8) қосымша ерікті зейнетақымен қамсыздандыруға азаматтарға құқық беру;

9) зейнетақы жинақ ақшасын экономикаға инвестициялау, бұл оның дамуына жәрдемдеседі.

Міндетті әлеуметтік сақтандыру мынадай түрлерге бөлінеді: еңбек ету қабілетін жоғалтқан жағдай; асыраушысынан, жұмысынан айырылған жағдай.

Жұмыс істейтін қызметкерлерді қоспағанда, қызметкерлер, Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын және табыс келтіретін қызметті жүзеге асыратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды қоса алғанда, өзін-өзі жұмыспен қамтыған адамдар міндетті әлеуметтік сақтандырылуға тиіс.

Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес арнаулы салық режимі қолданылатын өзін-өзі жұмыспен қамтыған адамдар үшін олардың өз пайдасына төлейтін әлеуметтік аударымдардың мөлшері белгіленген.

Еңбек ету қабілетінен айырылған жағдайда әлеуметтік төлем өзі үшін әлеуметтік аударым-

дар жүргізілген міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушыға, әлеуметтік төлем алуға өтініш берген уақытта жұмыс тоқтатқанына немесе істеп жатқанына қарамастан тағайындалады.

Еңбек ету қабілетінен айырылған жағдайда ай сайынғы әлеуметтік төлемдердің мөлшері әлеуметтік аударымдар объектісі ретінде ескерілген соңғы жиырма төрт ай ішіндегі табыстың заңнамалық актіге белгіленген ең төменгі жалақының сексен пайызын шегергендегі орташа айлық мөлшерін табысты алмастырудың еңбек ету қабілетінен айырылу мен қатысу өтілінің тиісті коэффициенттеріне көбейту арқылы айқындалады.

Бұл ретте табысты алмастыру коэффициенті 0,6 болады. Еңбек ету қабілетінен айырылу коэффициенті: жалпы еңбек ету қабілетінен айырылу дәрежесі сексеннен 100 пайызға дейін болатын еңбек ету қабілетінен айырылған адамдар үшін – 0,7; жалпы еңбек ету қабілетінен айырылу дәрежесі алпыстан сексен пайызға дейін болатын еңбек ету қабілетінен айырылған адамдар үшін – 0,5; жалпы еңбек ету қабілетінен айырылу дәрежесі отыздан алпыс пайызға дейін болатын еңбек ету қабілетінен айырылған адамдар үшін – 0,3.

Қатысу өтілінің коэффициенті міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінің өзі үшін әлеуметтік аударымдар жүргізілген қатысушысы үшін: алты айдан кем болғанда – 0,1; алты айдан он екі айға дейін – 0,7; он екі айдан жиырма төрт айға дейін – 0,75; жиырма төрт айдан отыз алты айға дейін – 0,85; отыз алты айдан қырық сегіз айға дейін – 0,9; қырық сегіз айдан алпыс айға дейін – 0,95; алпыс және одан да көп айларға – 1,0 болады.

Алушы жасына қарай зейнетақы төлемдерін алуға құқық беретін жасқа жеткен кезде еңбек ету қабілетінен айырылу жағдайында берілетін әлеуметтік төлемдер тоқтатылады.

Қайтыс болған (сот хабар-ошарсыз кетті деп танылған немесе қайтыс болды деп жариялаған) асыраушының өзі үшін әлеуметтік аударымдар жүргізілген міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушысының мына отбасы мүшелері асыраушысынан айырылған жағдайда әлеуметтік төлемдер тағайындалуға және алуға құқылы:

1) он сегіз жасқа толмаған болса, олар он сегіз жасқа толғанға дейін мүгедек болып қалса, осы жастан асқан балалары, аға-інілері,

апа-сіңділері мен немерелері. Бұл ретте аға-інілерінің, апа-сіңділері мен немерелерінің еңбек етуге қабілеті ата-аналары болмаған немесе олар ата-аналарынан алимент алмаған жағдайда. Егер жоғарыда аталған адамдар жалпы орта, бастауыш кәсіби білім беретін оқу орындарының орта кәсіби және жоғары кәсіби білім беретін күндізгі нысанында оқыған жағдайда, әлеуметтік төлем оқу орнын бітіргенге дейін беріледі;

2) жасына және еңбек қабілеттігіне қарамастан, ата-апасының біреуі немесе жұбайы, аға-інісі немесе апа-сіңдісі, егер ол қайтыс болған асыраушысының бір жарым жасқа толмаған балаларын, аға-інілерін, апа-сіңділерін немесе немерелерін күтіп-бағумен айналысатын болса.

Өздері үшін міндетті әлеуметтік аударымдар жүргізілген ата-ананың – міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушының қамқорлығынсыз қалған балаларға тағайындалған әлеуметтік төлемдер заңнамалық актіге сәйкес айырылып қалған әрбір ата-ана үшін асырап алушыға, қорғаншыға (қамқоршыға) төленеді.

Бала кезінен I немесе II топтағы мүгедектер деп танылған адамдарға әлеуметтік төлемдер мүгедектік белгіленген мерзімге тағайындалады.

Еліміздің міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінің енгізілуінің негізгі мақсаты базалық мемлекеттік жәрдем ақылар қосымша төлемдерден басқа әлеуметтік қатер туған жағдайда әлеуметтік аударымдар жүргізілген жұмыс істейтін азаматтарды қамтамасыз ету болып табылатынын атап өткен жөн.

МӘСЖ қатысушысы үшін міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінен төленетін әлеуметтік төлемдердің Қорға түскен әлеуметтік аударымдардың нақты мөлшеріне және ұзақтығына байланысты болады.

Міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінің қатысушылары болып жұмыс берушілердің және (немесе) өзін-өзі еңбекпен қамтамасыз еткен тұлғалардың ай сайынғы әлеуметтік аударымдар төлеген еңбек шарттары бойынша жұмыс істейтін жеке тұлғалар болып табылады. Осыған байланысты міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінің қатысушысы болып табылатын еңбек ететін әйел жүктілігіне және босануына байланысты уақытша еңбекке жарамсыздық парағын алғаннан кейін жұмыс орнында жүктілігіне және босануына байланысты демалысқа шығып, тұрғылықты жерінде орналасқан зейнетақы

төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтың бөлімшесіне барып Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан (МӘСҚ) тағайындалатын жүктілігіне және босануына, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуына байланысты табысынан айырылу жағдайына бір реттік әлеуметтік төлем алуға құжаттарын өткізе алады.

Ана мен баланы әлеуметтік қорғау еңбек ететін әйелдермен қатар еңбек етпейтін әйелдерге де көрсетіледі. Бұл орайда жүктілігіне және босануына байланысты тағайындалатын әлеуметтік төлемдерден басқа жәрдемақыларға жаңа туылған баланың әкесі немесе шешесі құжаттарын өткізе алады.

2005-2010 жылдары Қазақстанда балалардың туылу көрсеткіштерінің және МӘСҚ-дан жүктілігіне, босануына, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуына байланысты табысынан айырылу жағдайына бір реттік әлеуметтік төлем алушылардың санының өсу қарқыны байқалады.

2011 жылдың 1-ші желтоқсанына дейінгі МӘСҚ-дан төленген әлеуметтік төлемдердің 93%-ы жүктілігіне және босануына, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуына байланысты табысынан айырылу жағдайына бір реттік және бала бір жасқа толғанға дейінгі оның күтіміне байланысты табысынан айырылған жағдайға ай сайынғы төленетін әлеуметтік төлемдер болып табылады.

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының Заңымен Еңбек кодексіне мынадай толықтыру енгізілген болатын: «194-1-бап. Жүктілікке және босануға байланысты демалысқа, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алған қызметкерлерге берілетін демалысқа ақы төлеудің ерекшеліктері. Егер бұл еңбек шартының және ұжымдық шарттың талаптарында, жұмыс берушінің актісінде көзделсе, жұмыс беруші Қазақстан Республикасының міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылған, жүктілікке және босануға, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты табысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлем сомасын шегергендегі орташа жалақысын сақтай отырып, жүктілікке, босануға байланысты демалысқа, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алған қызметкерлерге берілетін демалысқа ақы төлейді».

Қазақстанда күшіне енетін әлеуметтік сақтандыру заңындағы өзгерістерге сәйкес, айлығы 186 мың теңгеден (\$1=150 теңге) асатын әйелдерге жүктілік пен бала тууға байланысты берілетін бір реттік төлем бұрынғы мөлшерінен қысқартылмақшы.

24.01.2013 ж. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы екінші оқылымда қабылданды. Заң жобасымен Үкімет пен уәкілетті органдардың құзыреті нақтыланып, тұрған жері белгісіз бұрынғы қызметкерлердің міндетті зейнетақы жарналары бойынша берешекті өтеу қарастырылған. Сондай-ақ «Байқоңыр» кешенінде жұмыс істеген азаматтарды зейнетақымен қамсыздандыруға қатысты мәселелерді реттеу көзделіп отыр. Бұдан басқа теріс себептермен қызметінен босатылған судьялардың міндетті зейнетақы жарналарын қайтаруы рәсімін айқындау да назардан тыс қалмаған. Заң жобасымен аннуитеттік сақтандырудың тартымдылығына жағдай жасау, сақтандыру компаниясынан біржолғы төлемдерді жүргізудің саралап жіктелген сызбасын белгілеу және әлеуметтік төлемдердің параметрлерін жетілдіру ұсынылады. Сонымен бірге жұмыс берушінің жүктілікке және босануға байланысты демалыстың, жаңа туған балаларды асырап алған қызметкерлерге демалыс беру төлемінің ерекшеліктері қарастырылған.

Жаңа өзгерістерге сәйкес енді «Байқоңыр» кешенінде жұмыс істеген азаматтар Орталықтан зейнетақыларын ала алады және ол ресейлік рубльдің теңгеге шаққандағы бағамымен есептеледі. Бұдан басқа, заң жобасында жинақтаушы зейнетақы қорларында жинақтаған қаржылары жеткілікті болған жағдайда ерлер 55 жасында зейнетақы төлемдерін ала алады, ал әйелдердің төлем алу жасы 5 жылға кемітіліп отыр. Аталған құжатты әзірлеу зейнетақымен қамсыздандыру туралы және міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы қолданыстағы әлеуметтік заңнамадағы олқылықтарды жою қажеттігімен байланысты болып табылады. Бұдан бөлек, құжат зейнеткерлік жастағы адамдарды, міндетті әлеуметтік сақтандыруға жататын адамдарды әлеуметтік қорғауға, түптеп келгенде, олардың өмір сүру сапасы мен деңгейін жақсартуға бағытталған. Бұл ретте жобаның

мақсаты орналасқан жері белгісіз бұрынғы қызметкерлердің міндетті зейнетақы жарналары бойынша берешекті өтеуге байланысты проблемаларды шешу, мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету болып табылады.

Сонымен қатар қабылданған заңға сәйкес, жинақтаушы зейнетақы жүйесіне қатысушылардың құқықтарын кеңейту қарастырылады. Ол салушылардың зейнетақы жинақтарындағы сомасы жеткіліксіз болған жағдайда зейнетақы аннуитеті шартын жасау үшін өздерінің ерікті және ерікті кәсіби зейнетақымен, сондай-ақ меншікті қаражатымен толтыруды көздейді. Бұған қоса жинақтаушы зейнетақы жүйесіне қатысушылардың санаты мен құқықтары да кеңейеді. Жинақтары жеткілікті азаматтарға бірнеше сақтандыру

ұйымына зейнетақы аннуитетін сатып алуға, сондай-ақ аннуитетті алу кезінде сақтандыру сыйақысы сомасын 30 пайыз мөлшерінде біржолғы төлем алу құқығы беріледі.

Жалпы, әлеуметтік сақтандырудың дамуы халықтың өмір сүру сапасы мен деңгейін, мәдениетін, білімін, экономикалық жағдайын нақты баяндайтын көрсеткіш болып табылады. Сондықтан жүктілікті, босану мен аналықты міндетті әлеуметтік сақтандыруды енгізу ана мен бала өмірі маңызды орын алатын қоғам құруға жетелейді. Әлеуметтік сақтандыру ертеңгі күнге деген сенімдікті білдіреді. Сақтандыру қызметі азаматтардың болашақтағы кепілдігі. Әлеуметтік қамсыздандыру – еңбек етуге қабілетсіз адамдарды материалдық және тұрмыстық жағынан қамтамасыз етуге бағытталған мемлекеттік шаралар жүйесі.

Әдебиеттер

- 1 Назарбаев Н. Қазақстан–2030: "Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әлауқатының артуы": Ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. – Алматы: Білім, 1998. – 3-96 бб.
- 2 1995 жылғы 30 тамызда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясы
- 3 2003 жылғы 25 сәуірдегі «Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңы.
- 4 2000 жылғы 18 желтоқсандағы «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы.
- 5 2007 жылғы 15 мамырдағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі
- 6 1999 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (ерекше бөлім)
- 7 Найманбаев С.М. Сақтандыру құқығы: оқу құралы. – Алматы: Жеті Жарғы, 2007.
- 8 [parlam.kz>Қазақша>.../news-details/id475/2/1](http://parlam.kz/Қазақша/.../news-details/id475/2/1)

References

- 1 N. Nazarbayev Kazakhstan-2030 "Barlyk qazakstandyqtardyń ósip-örkendeui, қаuipsizdigi zhane әлауқатының Artois": El Prezidentiniń Kazakhstan halkyna Zholdauy. – Almaty: Bilim, 1998. – 3-96 bb.
- 2 1995 zhylғы 30 тамызда қабылданған Kazakhstan Respublikasynың Konstitutsiyasy
- 3 2003 zhylғы 25 sәuirdegi "Mindetti әleumettik saqtandyru turaly" Kazakhstan Respublikasynың Zaңy
- 4 2000 zhylғы 18 zheltoksandағы "Saqtandyru qызmeti turaly" Kazakhstan Respublikasynың Zaңy
- 5 2007 zhylғы 15 мамырдағы Kazakhstan Respublikasynың Eңbek kodeksi
- 6 1999 zhylғы one shildedegi Kazakhstan Respublikasynың Azamattyқ kodeksi (erekshe bөlim)
- 7 Naymanbaev S. M. Saqtandyru құқуғы: оқу құралы. – Almaty: Zheti Zhargy, 2007.
- 8 [parlam.kz> Қазақша> ... / news-details/id475/2/1](http://parlam.kz/Қазақша/.../news-details/id475/2/1)